



Тауарларды сатып алу туралы шарт №1136996/2025/1

18.08.2025 жылғы

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "Кселл" акционерлік қоғамы атынан Сенімхат №4267513769 28.02.2025 бастап, негізінде қызмет ететін Енбекті қорғау және азаматтық қорғау қызметінің бастығы Полумисков Андрей Сергеевич, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, "Zhamal-ai LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Жарғы, негізінде қызмет ететін Басшы ХАСАНОВА ЗИБИРА МУХСАНОВНА, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар ««Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1136996 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Тауарлардың тізбесі, олардың сипаттамасы, оларды жеткізу тәртібі мен мекенжайы, Тауарларға қойылатын техникалық және өзге де талаптар Шарттың № 1, № 2 қосымшаларында көрсетілген.

1.3. Төменде аталған құжаттар мен оларда аталған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1.3.1. осы Шарт;
- 1.3.2. сатып алынатын тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің (Шартқа №1 қосымша);
- 1.3.3. Техникалық ерекшелік (Шартқа №2 қосымша);
- 1.3.4. Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің болжамды/нақты есебінің нысаны (Шартқа № 3 қосымша);
- 1.3.5. «Кселл» АҚ жеткізушісінің тәртіп кодексі (Шартқа №4 қосымша).

1.4. Жеткізілетін Тауардың сапасы мен саны осы Шартта және оған Қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкес келуге тиіс. Тауар Қазақстан Республикасында және ЕАЭО аумағында осындай түрдегі тауарлар үшін қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

1.5. Қаптама. Барлық Тауарлар ұрлануды, ішкі немесе сыртқы зақымдануды немесе бұзылуды болдырмау мақсатында сенімді қапталған болуы тиіс. Қаптама тасымалдау түрін назарға ала отырып, жалпы қабылданған және қолайлы өндірістік практикаға сәйкес орындалуы тиіс. Тауарларды қаптау Жеткізуші жауапкершілігі болып табылады және Жеткізуші есебінен орындалады.

1.6. Жеткізуші таңбалауға және жапсырмалардың болуына жауап береді. Тауардың жүру жолында кідіруін немесе жоғалуын болдырмау үшін Тауарлардың барлығы және/немесе қаптамалар жөнелтілетін Тауардың партиясы, жүк жөнелтуші, жүк алушы және соңғы жеткізу пункті бойынша жеткілікті ақпаратты қамтамасыз ету үшін тиісті түрде таңбалануы және жапсырмалармен жабдықталуы тиіс.

1.7. Жеткізуші Тапсырыс берушіге тауардың Жеткізуші меншік құқығымен тиесілі екенін растайды және кепілдік береді, Шартқа қол қойылған кезде тауарға қатысты үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары және (немесе) ауыртпалықтар жоқ, оның ішінде: тауар иеліктен шығаруға тыйым салынбаған, тыйым салынбаған, кепіл нысанасы және үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің басқа тәсілдері болып табылмайды, тауарға қатысты заңдық талаптар жоқ, тауар заңнама талаптарына сәйкес айналымнан алынбаған және айналымда шек қойылмаған, Қазақстан Республикасының аумағында сатуға тыйым салынған тауар болып табылмайды.

1.8. Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша нұсқауды алғаннан кейін Тауарды Тауардың әрбір жеке данасы бойынша да, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауар саны бойынша да ішінара және мерзімінен бұрын жеткізуге жол беріледі.

2. Шарттың сомасы және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 2352000.00 (екі миллион үш жүз елу екі мың) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа №1 Қосымшада берілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен жасалады:

2.4. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші Шарт жасалған және Өнім беруші алдын ала төлеуге шот ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді.





Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлем шотын ұсынбаған жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.5. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдау - беру актісі (актілері)) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.5.2. Электрондық шот-фактура;

2.5.3. Қабылдау-тапсыру актісі және тауар жүкқұжаты (бұдан әрі - Жүкқұжат);

2.5.4. Шарттың 1.8-тармағын сақтай отырып ішінара жеткізу кезінде Тапсырыс беруші әрбір жекелеген Тауардың бірлігі үшін құнын және берілген Тауардың санын негізге ала отырып есептелген Тауардың жеткізілген бөлігінің нақты құны мөлшерінде Шарттың жалпы құнының бір бөлігін төлеуге құқылы. Төлем Жеткізуші электрондық шот-фактураны жазып берген күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде және Шарттың 2.5-2.18-тармақтарында және 3-бөлімінде көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған қабылдау-беру актісін (лерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауға тиіс.

2.7. Жеткізуші уәкілетті қызметкердің(лердің) қолымен және екі данада мөрмен расталған Қабылдау-тапсыру актісін және Жүкқұжатты қағаз жеткізгіште де қоюға міндетті. Тапсырыс беруші қол қойғаннан кейін Жеткізушіге қол қойылған бір Актіні қайтарады, сондай-ақ қол қойылған Актінің электрондық көшірмесін сатып алу веб-порталына жүктейді.

2.8. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлемді ескере отырып жүргізіледі (егер Шарттың талаптарында алдын ала төлем көзделген болса).

2.9. Тапсырыс беруші төлемге арналған құжаттардың топтамасын Жеткізушінің уақтылы ұсынбауына байланысты төлемнің мерзімін өткізіп алғаны үшін жауапты болмайды.

2.10. Жеткізуші шотты/шот-фактураны ұсынған кезде онда міндетті түрде мынадай ақпаратты көрсетуге міндеттенеді.

- Шартқа екі Тарап қол қойғаннан кейін Тапсырыс беруші ұсынатын Жеткізуге тапсырыстың нөмірі (SAP PO45...); - Шарттың және оған № 1, № 2 қосымшаның тұжырымына сәйкес келуге тиіс сатып алынатын Тауарлардың атауы.

2.11. Тапсырыс беруші ұсынылған шотпен/ шот-фактурамен келіспеген жағдайда Тапсырыс беруші бұл туралы Жеткізушіні жазбаша хабардар етеді. Мұндай даулы шот-фактураны төлеу дау реттелгенге дейін кейінге қалдырылады. Даулы шот-фактураларға қатысты, Жеткізуші дауды шешу мақсатында шотқа / шот-фактураға түзетулер енгізген немесе шоттардағы / шот-фактуралардағы деректерді негіздеу үшін қажетті құжаттаманы ұсынған жағдайларда Шартта көзделген төлеу мерзімі түзетілген шот / шот-фактура немесе қажетті құжаттама алынған күннен бастап қолданылады.

2.12. Төлем осы Шартта көрсетілген банктік деректемелер бойынша жүргізіледі. Шотта/шот-фактурада Шартта көрсетілген деректемелерге сәйкес келмейтін банктік деректемелер көрсетілген жағдайда Тапсырыс беруші төлемді тоқтата тұруға құқылы. Бұл жағдайда төлем мерзімі Жеткізуші түзетілген шоттарды/шот-фактураларды берген күннен бастап есептеледі

2.13. Тапсырыс берушіден хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші Шарт бойынша Жеткізушіге қандай да бір артық төлем жасаған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге артық төленген ақша сомасын Тапсырыс берушінің Шартта көрсетілген есеп шотына аудару арқылы осындай хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарады.

2.14. Жеткізуші кез келген салық органы (осындай салық органының кез келген әкімшілік бөлімшесін қоса алғанда) Шартқа сәйкес Жеткізушінің қызметіне байланысты немесе нәтижесінде Жеткізушіге орната немесе сала алатын салықтарға қатысты кез келген қаржылық міндеттемелер мен талап-арыздар бойынша төлемдерді дербес жүргізеді.

2.15. Егер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында және/немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жеткізуші тіркелген елдің Үкіметі арасында жасалған халықаралық келісімде Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төлемдерді Жеткізушіге төлеу кезінде төлем көзінен қандай да бір салықты ұстап қалу жөніндегі міндеттемесі көзделген болса, Тапсырыс беруші Шарт жасасу сәтінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес онда салық ставкасы, оны ұстап қалу және қолдану тәртібі қосарланған салық салуды болдырмауға қатысты халықаралық шартты қолданатын болады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.16. Тапсырыс беруші осы Шартқа байланысты салықтардың, кедендік төлемдердің, алымдардың, баждардың және салықтардың төленуі





үшін жауапты болады, олар Қазақстан аумағында INCOTERMS талаптарына сәйкес төленуі мүмкін. Тапсырыс беруші елінен тыс жерде Тауарды жеткізуге байланысты барлық салық салуды, кедендік баждарды және басқа да шығыстарды Жеткізуші төлейді (осы тармақ INCOTERMS шарттарына қарай қолданылады) (егер контрагент ҚР резиденті емес болған жағдайда осы тармақ қолданылады).

2.17. Банк деректемелері өзгерген жағдайда Тарап шоттың болуы туралы анықтаманы ұсына отырып, бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлайды. Тиісті өзгерістер енгізу үшін Тараптар Шартқа қосымша келісім жасасады.

2.18. Тапсырыс беруші шартта келісілмеген өзге төлемдерді төлемейді.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Жеткізуші Тауарды және барлық қажетті құжаттаманы Шартқа № 1, № 2 қосымшаларда көрсетілген мерзімде және тәртіппен мекенжайына жеткізуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің Қабылдау-тапсыру актісі мен Жүкқұжатқа қол қойған күні Тауарды жеткізу күні болып есептеледі. Жеткізуші тауарды Тапсырыс берушіге саны мен сапасы бойынша Қабылдау-тапсыру актісіне және тауар жүкқұжатына сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес береді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне және тауар жүкқұжатына қол қойған күннен бастап Жеткізушіден Тапсырыс берушіге ауысады.

3.3. Тауарды жеткізу кезінде Жеткізуші барлық қолданылатын заңдарға, барлық мемлекеттік органдардың бұйрықтары мен ұйғарымдарына сәйкес әрекет етуге келіседі, олардың юрисдикциясы Шартқа және сатып алынған Тауарға қолданылады. Жеткізуші оның Қазақстан Республикасында Тапсырыс беруші Тауарды жеткізу үшін тиісті өкілеттіктерге ие екендігіне кепілдік береді. ЖЕТКІЗУШІ ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІ ЖЕТКІЗУШІНІҢ ОСЫ ТАРМАҚТЫҢ ТАЛАПТАРЫН САҚТАМАУЫ НӘТИЖЕСІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН СИПАТТАҒЫ ЗАЛАЛДАРҒА, ТАЛАП-АРЫЗДАРҒА, АЙЫППҮЛДАРҒА, ЖІБЕРІП АЛҒАН ПАЙДАҒА, ТҰРАҚСЫЗДЫҚ АЙЫБЫНА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ШЫҒЫСТАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ БАРЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ЖӘНЕ ЫҚТИМАЛ ШЫҒЫСТАРДАН БОСАТАДЫ ЖӘНЕ ҚОРҒАЙДЫ.

3.4. Жеткізуші Шартта көрсетілген жеткізу талаптарына сәйкес Тауарды жеткізуге байланысты барлық тәуекелдерді көтереді. Тапсырыс берушінің Жеткізушінің есебінен кез келген бүлінген Тауарларды қабылдаудан бас тартуға және Жеткізушіге қайтаруға құқығы бар.

3.5. Жеткізуші Тауармен бірге Тапсырыс берушіге барлық қажетті құжаттаманы ұсынуға міндетті:

3.5.1. Құжаттар:

3.5.1.1. барлық тиеп-жөнелту (көлік) құжаттары (қажет болған жағдайда Тауардың экспорттық декларациясы мен шығу тегі сертификаты) Тауармен бірге ұсынылады;

3.5.1.2. жеткізілетін Тауарға орыс тілінде техникалық сипаттама Шартқа қол қойылған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде ұсынылады;

3.5.1.3. коммерциялық инвойс, қаптау парағы, тауардың шығу тегі сертификаты (резидент емес үшін) Тауармен бірге ұсынылады;

3.5.1.4. өз тарапынан қол қойылған Тауарды қабылдау-беру актісінің және жүкқұжаттың екі данасы.

3.5.2. Егер Қазақстан Республикасының аумағында сәйкестігі міндетті расталуға (сертификатталуға) жататын жабдық немесе бағдарламалық жасақтама жеткізілсе, Жеткізуші Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Техникалық реттеу жүйесінің тиісті сәйкестік сертификаттарын не ЕАЭО сәйкестігі туралы декларацияны ұсынуға міндетті. Егер жабдық, сондай-ақ онымен интеграцияланған бағдарламалық жасақтама әрбір жеткізіліммен өлшеу жабдығы (өлшеу аспаптары) болып табылса немесе пайдаланылуы мүмкін болса, Жеткізуші Қазақстан Республикасының өлшем құралдарының мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізу туралы сертификаттарды, сондай-ақ белгіленген тәртіппен ҚР уәкілетті органдары берген өлшем құралдарының деректерін түгендеу (бастапқы түгендеу) туралы ҚР сертификаттарын ұсынуға міндетті. Жеткізуші жеткізілетін тауарға түгендеу сертификатын ұсынбаған жағдайда Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша: - Жеткізушіге қандай да бір айыппұл санкцияларын төлемей осы Тауарды қабылдаудан бас тартуға; не - Тауарды тексеру жөніндегі аккредиттелген ұйымдардың қызметтерінің құнын Тауар құнынан ұстап қалуға (Тауарды өлшем құралдарының тізіліміне енгізу жөніндегі қызметтердің құнын қоса алғанда); не - Жеткізуші Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеуі тиіс осы шығыстарды төлей отырып, аккредиттелген ұйымды сертификаттауды тапсыруға құқылы.

3.5.3. Егер Тауарға қолданылатын болса, Жеткізуші төмендегі ақпаратты көрсете отырып, MS Excel форматында егжей-тегжейлі Қаптау парағын ұсынады: • қораптың реттік нөмірі, • қораптың жалпы саны, • қораптың түрі, • қораптың таза салмағы, • қораптың брутто салмағы, • қораптың ені/биіктігі/ұзындығы, • көлемі, • саны, • өнім коды, • жиынтық жабдықтың сериялық нөмірін қосқанда сериялық нөмірі, • шығарылған елі, • Сатып алуға тапсырыстың нөмірі (SAP PO45...), • инвойстың нөмірі, • Тапсырыстың сатып алуға позициясы. Егер Тауар жиынтықпен берілсе, егжей-тегжейлі қаптама парағында жиынтыққа кіретін материалдардың тізімі, өнімнің атауы, коды, сериялық нөмірі болуы тиіс. Тиеу құжаттары өзгерген жағдайда егжей-тегжейлі қаптау парағы тиісінше өзгертілуі тиіс.

3.5.4. Жабдықты жеткізу кезінде Жеткізуші стандарттарда, техникалық шарттарда, технологиялық нұсқаулықтарда, сақтау жөніндегі





нұсқаулықтарда, тауардың осы түрін сақтау қағидаларында, өзге де арнайы нормативтік құжаттарда белгіленген сақтау шарттарын (режимін) хабарлауға міндетті. Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша Жеткізуші сақтау шарттары (режимі) туралы ақпаратты корпоративтік электрондық пошта арқылы электрондық түрде беруге тиіс.

3.6. Тараптар егер тауарға кіріктірілген бағдарламалық жасақтама кірсе, онда Жеткізуші тауарға меншік құқығы өткен сәттен бастап Тапсырыс берушіге осындай кіріктірілген бағдарламалық жасақтаманы (жай айрықша емес лицензия) пайдалану құқығын береді деп келісті. Бұл ретте Тараптар «пайдалану құқығы» деп Тапсырыс берушінің тауарды мақсаты бойынша және өзінің өндірістік қажеттіліктері немесе коммерциялық мақсаттары үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген кез келген тәсілдермен пайдалану құқығын түсінеді. Пайдалану құқығы қандай да бір шектеусіз тұрақты (мерзімсіз) болып табылады. Тапсырыс беруші Тауардағы кіріктірілген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану құқығын төлеуге тиіс кез келген сыйақы Шартта көзделген Тауардың құнына бірден енгізілген және Жеткізуші Шарттың қолданылу мерзіміне не Тапсырыс берушінің Тауарды және кіріктірілген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден қандай да бір қосымша төлемдерді талап етуге құқылы емес.

3.7. Тауарды тиеп жөнелтуді Жеткізуші Тапсырыс берушімен келісілгеннен кейін және жеткізілетін тауарларға барлық рұқсат құжаттары (кіріктірілген бағдарламалық жасақтамаға арналған лицензияларды қосқанда) болғаннан кейін ғана жүзеге асыруға тиіс.

3.8. Егер сатып алынатын Тауардың немесе оның бөліктерінің шифрлау (криптография) функциялары болған, «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желісіне қол жеткізу аппаратурасына жататын және реттеуші мемлекеттік органның қорытындысы бойынша Жеткізушінің нотификациялауына жататын болса, Жеткізуші әкелінетін Тауарға нотификация беруге міндетті.

3.9. Шартта немесе Шартқа Қосымшада Тауардың атауы Тауардың моделін/артикулын/product code қамтуы және бұрын нотификацияда және сәйкестік туралы сертификатта/декларацияда көрсетілген атауларға сәйкес келуі тиіс.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндеттенеді:

4.1.1. Тауарды Шарттың және өз өндірісінің талаптарына сәйкес жеткізуге.

Сатып алынған тауардың партиясына/сериясына сатып алынған тауардың қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті актіге, СТ-KZ нысанындағы сертификатқа (түпнұсқасы, нотариалды куәландырған көшірмесі не ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат беру жөніндегі уәкілетті органның мөрмен куәландырылған көшірмесі) тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің ұсынуы осы міндеттеменің орындалуын растау болып табылады.

СТ-KZ нысанының сертификаты (тары) сатып алу туралы шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) ұсынылуы тиіс;

4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеуге (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-берудің соңғы актісімен бірге беріледі.

4.1.2.2. Осы Шартта көзделген өзге де құжаттар.

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға міндеттенеді.

4.1.4. Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда, нақты шеккен шығыстарды ескере отырып, Тапсырыс беруші төлеген авансты (алдын ала төлемді) Тапсырыс берушіге қайтаруға.

4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау шеңберінде ұсынуға міндеттенеді.

4.2. Өнім беруші құқылы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қояды талап етуге.

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

4.3.1. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдауға.

4.3.2. Өнім берушіден Тауарды қабылдау-беру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт бойынша қажетті ақпаратты толтыруға және ескертулер болмаған жағдайда Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қояуға немесе дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Өнім берушіге Тауарларды қабылдаудан бас тартуды жіберуге;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жасауға.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі Тауарды алуға.





- 4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы өнім тізімдемесіне сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;
- 4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға құқығы бар.
- 4.4.4. Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.
- 4.5. Тауарды ішінара жеткізу кезінде Жеткізуші ешбір жағдайда Шартты толық орындаудан және Шарттың талаптарына сәйкес Тауардың барлық қалған бөлігін жеткізуден босатылмайды.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

- 5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардың оның техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.
- 5.2. Жеткізілген Тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілі қарау жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.
- 5.3. Жеткізілген Тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде табылмайтын ақаулар (жасырын ақаулар) бойынша шағымды Тапсырыс беруші Жеткізушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады. Егер Жеткізуші 3 (үш) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай наразылықты Жеткізуші мойындаған болып есептеледі және Жеткізуші өз тәуекелдері мен шығыстары есебінен хабарламаны алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тауардың жеткізілімеген бөлігін жеткізуге және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

6. Кепілдік және Сапа

- 6.1. Жеткізуші жеткізілетін Тауарға қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін Тауардың сапасына кепілдік береді. Жеткізуші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.
- 6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 12 ай ретінде орнатылған кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.
- 6.3. Егер кепілдік берілген мерзім ішінде Тауардың ақаулары немесе оның Шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Жеткізуші өз есебінен ақаулы Тауарды Тапсырыс беруші тиісті талап қойған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жаңасына ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру жөніндегі барлық шығыстарды Жеткізуші көтереді.
- 6.4. Егер Тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Жеткізушінің кінәсінен болса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.
- 6.5. Жеткізуші жеткізілетін тауарлардың сапасы мен жұмысына, сатып алынған тауарлармен бірге ұсынылатын техникалық құжаттамаға, ерекшеліктер мен сипаттамаларға сәйкес келетініне кепілдік береді.
- 6.6. Жеткізуші жаңа, бұрын қолданылмаған (пайдаланылмаған) тауарды жеткізуді жүзеге асырады және жеткізілетін тауардың жоғары сапасына кепілдік береді. Тауардың саны, номенклатурасы мен сапасы тауардың әрбір түріне арналған шартқа, нормативтік құжаттардың талаптарына (МЕМСТ, СТ, ССТ, ТШ, техникалық регламент және т.б.) сәйкес келуге тиіс. Жеткізуші бұдан әрі осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың Қазақстан Республикасы үшін әдеттегі жағдайларда жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.
- 6.7. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі ауыстырылған Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен басталады. Ақаулы Тауарды ауыстыру жөніндегі барлық шығыстарды кепілдік мерзімінде және басқа да ілеспе шығыстарды Жеткізуші өз қаражаты есебінен көтереді және оларды Тапсырыс берушінің өтеуін талап етуге құқылы емес.
- 6.8. Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін және тауарды функционалдық пайдалану кезеңінде Тапсырыс беруші тауарда бар зияткерлік меншіктің барлық объектілерін (кіріктірілген бағдарламалық жасақтаманы) пайдалану құқығын алады.
- 6.9. Жеткізуші Тапсырыс берушіге кіріктірілген бағдарламалық жасақтаманы қоса алғанда (шарт талаптарында) тауарларды пайдалануға құқықтар беруге барлық қажетті өкілеттіктерге ие екендігін мәлімдейді және кепілдік береді. Егер Тапсырыс берушіге тауардағы кіріктірілген бағдарламалық жасақтаманы пайдалануға қатысты кез келген үшінші тұлғалардан шағым/талап қою берілсе, Жеткізуші мұндай шағымдарды/талап қоюларды дербес және өз есебінен шешуге және Тапсырыс берушіні олардан қорғауға, сондай-ақ Тапсырыс берушіге барлық шығыстар мен нақты залалды өтеуге міндеттенеді.
- 6.10. Жеткізуші шартқа қол қою үшін тиісті құқықтар мен өкілеттіктерге ие екендігін мәлімдейді және кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

- 7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.
- 7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:
- 7.2.1. Жеткізуші Шартта айтылған Тауарды жеткізу мерзімін кешіктірген жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге уақтылы





жеткізілмеген Тауар құнының 0,1% мөлшерінде, Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті Қабылдау – беру актісіне Тараптар қол қойғанға дейін Өнім беруші төлеуге тиіс Шарттың жалпы құнының 20%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

7.2.3. Жеткізуші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлейді

7.2.4. Тауарлардағы елішілік құндылықтың үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге әрбір мерзімі өткен күн үшін Шарт сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ [Шарттың жалпы сомасының] 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлейді;

7.2.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.2.6. Жеткізуші қаржылық және басқа да құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзған жағдайда (шот, шот-фактура, Қабылдау-тапсыру актісі, Жүкқұжат, Орындалған жұмыстардың нәтижесі туралы есеп (қолданылса), техникалық акт (қолданылса) қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Тапсырыс беруші Жеткізішуден мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл өндіріп алуға құқылы.

7.2.7. Жеткізуші аванстық төлемді (алдын ала төлемді) қайтаруды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден әрбір кешіктірілген күн үшін аванстық төлем (алдын ала төлем) сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ аванстық төлем (алдын ала төлем) сомасының 10% -ынан аспайтын тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға құқылы. Жеткізуші Тапсырыс беруші талап етуі бойынша Жеткізушінің аванстық төлемді (алдын ала төлемді) қайтару мерзімін өткізіп алуы салдарынан Тапсырыс берушіге келтірілген залалды да төлеуге міндетті. Залалдар тұрақсыздық айыбынан асатын бөлігінде өтеледі (шартта аванс (алдын ала төлем) көзделген жағдайда қолданылады);

7.2.8. Жеткізушінің өз міндеттемелерін бұзуына байланысты Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, сондай-ақ Жеткізуші Шарттың 8.5-тармағы бойынша Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіден Шарттың жалпы сомасының 10% (он) пайызы мөлшерінде айыппұл өндіруге құқылы.

7.3. Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері Шарт сомасының 10% -ынан аспауы тиіс.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.4.2. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідіріс сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Тапсырыс беруші оған Жеткізушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін тиесілі кез келген соманы (тұрақсыздық айыбын, өсімпұлды, айыппұлдарды қоса алғанда) осы Шарт бойынша Тапсырыс берушінің төлеуіне жататын сомадан немесе Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалуға құқылы (және Жеткізуші мұнымен келіседі).

7.7. Тапсырыс берушінің өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзуына байланысты Шарттың 8.5-тармағына сәйкес Жеткізуші Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіден Шарттың жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл өндіріп алуға құқылы.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа Тәртіптің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған, өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының және/немесе ұсыныстардың мазмұнын өзгерте алатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты;





8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.6. Шарттың 8.5-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін елеулі түрде бұзуы, атап айтқанда Тапсырыс берушінің ақы төлеу мерзімін 60 (алпыс) күнтізбелік күннен артық бұзуы Тапсырыс берушінің кінәсіне жатады.

Шарттың 8.5-тармағында көрсетілген шығындарға Шарттың 7.7-тармағында көзделген айыппұлмен жабылмаған бөлігіндегі нақты залал ғана жатады. Шарттың 8.5-тармағында көрсетілген шығындарға Шартты бұзу күніне Жеткізушінің Шартты орындауға байланысты нақты шығыстары жатады. Бұл ретте Жеткізуші Шарт бойынша нақты шығыстарды және нақты залалды растау үшін Жеткізуші қаржылық және оның Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға байланысты өзге де құжаттарды ұсынуға міндетті.

8.7. Тапсырыс беруші Шарттың 8.3.3-тармағы бойынша Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда Жеткізуші Шартты орындауға байланысты нақты шығыстарды бұзу күніне төлеуді талап етуге құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарт бойынша өзі шеккен шығыстарды растайтын қаржылық және басқа да құжаттарды ұсынуға міндетті.

8.8. Шартты мерзімінен бұрын бұзған/Шарттан бас тартқан барлық жағдайларда Тапсырыс беруші Жеткізушіге нақты жеткізілген және Тапсырыс беруші қабылдаған Тауарлардың құнын төлейді.

8.9. Шартты мерзімінен бұрын бұзған/Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзу/одан бас тарту, міндеттемелерді жою себебі және Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

Ал 8.3.2.-тармақшада, 8.3.3-тармақта және 1.13.8-тармақтарда көзделген жағдайларда Жеткізуші жазбаша хабарлама алған күннен бастап Шарт бұзылды деп есептеледі. Шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы хабарлама Шарттан бас тарту себебін және міндеттемелерді жоюды қамтуға тиіс.

8.10. Шарт бұзылған кезде осы Шарт шеңберінде жүргізілген, сомасына тауарлар жеткізілген аванстық төлемдерді (алдын ала төлемді) Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бұзылған күннен бастап 5 (бес) банктік күн ішінде қайтаруға тиіс (Шартта аванс (алдын ала төлем) көзделген жағдайда қолданылады).

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат жазысуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және егер өзгеше ескертілмесе, онда хат алмасудың мұндай түрі негізсіз бас тартуларсыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе соған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала берілуі және кейіннен түпнұсқаны ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен немесе электрондық пошта арқылы берілуі тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телексмен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алғаны расталмаған жағдайда) берілген сәтте жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі





10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 12 (он екі) ай бойы, ал өзара есеп айырысулар бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс мажор)

11.1. Тараптар, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаты бар оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар әскери іс-қимылдар, табиғи немесе дүлей зілзалалар, эпидемия, карантин, эмбарго, көтерілістер, ереуілдер, азаматтық тәртіпсіздіктер, өкімдер, үкімет билігінің бұйрықтары және уәкілетті мемлекеттік органдардың өзге де нормативтік-құқықтық құжаттары және басқалар сияқты іс-қимылдарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде ол үшін міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап екінші Тарапқа форс-мажордың болжамды қолданылу мерзімі туралы осындай мән-жайлар туындаған сәттен бастап және олардың себептері туралы күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша нысанда хабарлауға тиіс (хабарлама), сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдар немесе өзге де құзыретті ұйымдар берген және осындай мән-жайлардың басталу фактісін растайтын құжаттарды, сондай-ақ еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсерінен өз міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігін ұсынуға міндетті. Мұндай растау хабарлама жасалған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынылуға тиіс. Форс-мажорлық мән-жайлардың туындауы салдарынан өз міндеттемелерін орындау мүмкін еместігі туралы мерзімде хабарламаған Тарап осындай мән-жайларға сілтеме жасау мүмкіндігінен айырылады және Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

11.3. Егер еңсерілмес жағдайлары жиынтығында күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам уақыт ішінде Тараптың өз міндеттемелерін орындамауына әкеп соқса, сол немесе басқа Тарап екінші Тарапты жазбаша хабардар ету арқылы шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер қандай да бір Тараптың осындай дау туралы хабарламасын алған сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде келіссөздер жолымен шешіледі.

12.2. Дауларды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда Тараптар заңнамада көзделген келіспеушіліктерді сотқа дейінгі реттеу рәсімін іске асырғаннан кейін оларды Тапсырыс берушінің тіркелген жері бойынша сот органдарының қарауына береді. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жасалған және реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді ұсынбайды, төлемейді және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен жіктелетін әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.





13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Шарт тараптарының бірі шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде шарт тараптары шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

13.9. Жеткізуші осы Шарт бойынша Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнамасын сақтауға кепілдік береді және сондай-ақ «Кселл» АҚ-на кез келген қолжетімді тәсілдермен және 8 800 080 47 47 жедел желі нөмірі (ҚР аумағында қоңырау тегін) немесе электрондық мекенжайы (e-mail): mail@sk-hotline.kz, www.sk-hotline.kz интернет-порталы немесе +7 771 191 8816 нөміріндегі WhatsApp Мессенджер арқылы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және іс жүргізу мәселелері туралы заңнамасының кез келген болжамды және нақты бұзушылықтары туралы хабарлауға міндетті.

13.10. Жеткізуші Тапсырыс берушіге барлық қосалқы мердігерлер, жеткізушілер, контрагенттер мен аффилиирленген тұлғалар бойынша ақпаратты, оның ішінде оффшорлық аймақтарда түпкілікті бенефициарды тіркеу туралы ақпаратты ашуды және тексеру жүргізуді қамтамасыз етуге және бұл ақпаратты Тапсырыс берушінің талабы бойынша ұсынуға міндеттенеді.

13.11. Жеткізуші мен оның қызметкерлері осы Баптың талаптарын ұстануға және осы Шартқа қосымша болып табылатын «Кселл» АҚ Жеткізушінің тәртіп кодексін сақтауға тиіс.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Өнім беруші Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен бөлшектері туралы ақпаратты Тапсырыс беруші банк-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

14.3. Шартты орындау барысында алынған не басқа Тараптан белгілі болған ғылыми-техникалық, технологиялық, өндірістік, қаржы-экономикалық және үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар өзге де ақпарат осындай құпия ақпарат Шартты орындау мақсатында берілуі мүмкін Тараптардың үлестес заңды тұлғаларын қоспағанда, сондай-ақ ішкі рәсімдерді одан әрі ашу құқығынсыз сақтау және осындай ақпаратқа қатысты коммерциялық құпияны сақтау мақсаттары үшін заңды негізде еркін қолжетімділігі жоқ құпия ақпарат болып табылады және үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайды. Құпия ақпаратты жария етпеу туралы талап Шарттың қолданылу мерзімі ішінде және ол тоқтатылғаннан кейін не шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген қандай да бір негіз бойынша бұзылғаннан кейін 3 (үш) жыл бойы өз күшін сақтайды.

14.4. Құпия ақпарат жария етілген жағдайда, оны жария етуге жауапты Тарап зардап шеккен Тарапқа жазбаша талап алынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде дәлелденген нақты залалды өтейді.

14.5. Дербес деректер. Жеткізуші осы Шартты орындау мақсаттары (дербес деректерді өңдеу мақсаты) үшін қол жеткізе алатын немесе алатын Тапсырыс беруші қызметкерлерінің дербес деректерінің құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Жеткізушінің дербес деректерді шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты емес мақсаттарда пайдалануға және қандай да бір түрде, оның ішінде Шарт бойынша алынған дербес деректерді шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты емес мақсаттарда үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Жеткізуші осы дербес деректерді өңдеу мақсаттары талап еткеннен аспайтын мерзімде сақтауға, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, оларды өңдеу мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін немесе оларға қол жеткізу қажеттілігі жоғалған жағдайда жояға міндеттенеді. Жеткізуші Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау туралы заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндетті.

14.6. Жариялылыққа шектеулер.

14.6.1. Жеткізуші Тапсырыс берушіден бұған алдын ала жазбаша келісім алған жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші:

14.6.1.1. Шартқа байланысты немесе Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасындағы немесе Тапсырыс берушіге тиесілі, оның иелігіндегі немесе ол басқаратын қандай да бір объектімен немесе учаскемен қатынастарға байланысты радиохабарлар, баспасөзге арналған хабарлар, жарнамалық материалдар, ашық ақпарат және басқа да ашық хабарландырулар немесе мәлімдемелер; немесе





14.6.1.2. Шартқа немесе өнімдерге қатысты қандай да бір оқиғаларға немесе келіссөздерге немесе Тапсырыс берушіге тиесілі, оның иелігіндегі немесе ол басқаратын қандай да бір объектіге немесе учаскеге қатысты қандай да бір дыбыстық немесе аудио-жазбалар немесе көшірмелер жасамайды.

15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Өнім берушінің кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Өнім беруші:

